

*Бекітемін:
«Күниуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

«ҚЫЗ ЕРКЕМ, АНАСЫМЕН КӨРКЕМ»

(Ересектер, «Ер Тәстік» тобының мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиешілер: Ходжа-Ахметова.К.

Байбақова.Ж.

Таушық ауылы, 2024

Тақырыбы: «Қыз еркем, анасымен көркем»

Мақсаты: Халқымыздың ізгі қасиеттері имандылық, инабаттылық, іскерлік негізінде тәрбиелеп, ана өнегесінен үлгі алуға, тәрбиелік мәні бар салт – дәстүрлерді бойына сіңіруге баулу. Болашақ қыздарымыздың тәрбиелі, өнерлі, анасына қолғанат, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін қайсар қыздарын тәрбиелеп отырған мейірімді ата-аналардың қыз бен ана арасындағы парасатты тәрбиені насихаттау.

Тәрбиеші:

Ана-өмір қолдаушысы әлемнің,
Шаңырақтың шаттығы мен шуағы.
Сейілмесін жанарынан ананың,
Тіршілікке төккен нұрлы шуағы.
Аялайық аналарды әрдайым,
Қуанышқа бөлейікші өздерін.
Әжелер мен аналардың, қыздардың,
Мұң шалмасын күлім қаққан көздерін.

Ана – барлық өмірдің бастауы. **Ана** – ол перзентті өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. **Ана** – ұлы тұлға! **Ана** – құдіретті жан! **Ана** – өмір бұлағы! **Ана** – тіршілік көзі! Ендеше, бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті де аяулы, асыл Аналар! Сіздерге зор денсаулық тілейміз. Олай болса, бүгінгі «Қыз еркем, анасымен көркем» атты мерекелік сайыс ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз! Ортаға ересектер «Ер Төстік» тобы бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

Мың бұралған арулар аңдап басып,
Келеді міне ортаға толқып тасып.
Аруларын сыйлаған халқым менің,
Қошеметпен аруларды қарсы алайық.
(Балалар көңілді әуенмен жұптасып ортаға келеді)

Тәрбиеші:

Орасақ та жәннат ішік, құндызға,
Баласақ та айға, күнге, жұлдызға,
Ана соның бәрінен де ардақты,
Одан асқан құдірет жоқ ұл – қызға-дей келе мерекелік ертеңгілігіміздің шымылдығын балабақшамыздың басшысы Алмагүл Ерболатқызына құттықтау сөз кезегін береміз.
Құттықтау сөз: Балабақша басшысы - Баянова Алмагүл
Ерболатқызына беріледі.

Тәрбиеші: Әлемнің жарығын сыйладың сен маған,
Даланың әр гүлін сыйладың сен маған. Бүлдіршіндеріміздің орындауында
«Анашым» әні. Қабыл алыңыздар!

Хор: «Анашым»

Тәрбиеші:

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,
Ана дейді жас сәбиде жарқылдап.
Ана деген – бәйтерегі өмірдің,
Ана деген – алтын қазық, алтын бақ, - демекші бүгінгі ертеңгілігіміз ерекше болмақ. «Қыз еркем, анасымен көркем» атты сайысымызды бастаймыз. Бүгінгі сайыскер аналар мен кішкене аруларды қол соғып ортаға шақырамыз.

Тәрбиеші:

Еңбексүйгіш, ерінгенге жаны қас.
Бір айтқанды екі істеп сабылмас.
Ашық қабақ, күлім көзді ару қыз,

Ақбөбектей сүйкімді қыз табылмас-деп Тулеп Ақбөбек аруымызды анасы Сәндігүлмен ортаға шақырамыз.

1.қатысушы: Ақбөбек анасы Сәндігүлмен.

Тәрбиеші:

Ұстазын анасындай құрметтеген,

Жаны таза, ісі жоқ дүрмекпенен.

Асма біздің апайының қолғанаты,

Бойында тек жақсылық бір кетпеген- деп Әбілқайырқызы Асманы анасы

Бибінұрмен қарсы алыңыздар.

2.қатысушы: Әбілқайырқызы Асма анасы Бибінұрмен.

Тәрбиеші:

Бәріміз жақсы көретін

Анасын әркез сүйетін

Келесі біздің Кәусар қыз

Сайыста сынға түсетін – деп Озғанбай Кәусарды анасы Жарасханмен бірге ортаға шақырамыз.

3.қатысушы: Озғанбай Кәусар анасы Жарасханмен.

Тәрбиеші:

Әділдікпен бұл сайысты байқайтын,

Туралықтан ешқашанда қашпайтын

Сайысқа төрелік етіп, саралайтын

Әділ қазылар алқасын тағайындайын.

(Әділ қазылар алқасы тағайындалады.)

Әділ қазы төрайымы:

Балабақша басшысы : Алмагүл Ерболатқызы

Балабақша әдіскері: Айгүл Әлиасқарқызы

Ата-ана: Меруерт Егеубайқызы

Жеребе арқылы жұптардың реттік нөмірі анықталады.

Тәрбиеші: Ең алдымен сайысымыздың бөлімдерімен таныс болыңыздар.

Сайыс 5 бөлімнен тұрады:

1. «Сәлем-сөздің анасы»! (Таныстыру)

2. «Өнерлі өрге жүзеді»(Өн,би,өз өнері)

3. «Дәмді және тез». (Көкөністерден салат тағайындау,сәндеу)

4. « Білімдіге дүние жарық» (сұрақ-жауап)

5. «Сұлулық сыры» Анасы қызына табиғи материалдардан дайындаған киім үлгілері.Сән үлгісі.

Тәрбиеші:

Өнер қуып бар жұптар өтер дейміз,

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа келген жұптар кезектесіп,

Таныстырып өздерін өтсе дейміз.

1.Бөлім: «Сәлем сөздің анасы» Таныстыру

Тәрбиеші:

Дүниеде ең кемеңгер дананы,

Ана табады, аялайды бағады.

Сол үшін де құдіретіңе бас иіп,

Құрметтейік қасиетті ананы.-деп балалардың аналарымызға арнаған жыр-шумақтарына кезек берейік.

Нұрхан-Райана; Сағындық Әлинұр- Хафиз;Аршат-Азат; Ханшайым-Мүсілім;

Жарас-Асылай; Медина-Ақансері;Аяна-Асқар Әлинұр-Нұралы;Нұрдос-Әмина

Хафиз:

Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін

Әлинұр: Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі.

Аршат:

Жанымызды жайнатқан
Сіздерсізғой аналар
Зор денсаулық, мол бақыт
Тілейді барша балалар.

Азат:

Ақылшымыз данашым.
Ұзақ өмір сүріңіз.
Айналайын анашым
Алдымызда жүріңіз.

Ханшайым:--Мүслім:

Әр сөзінді жаттаған
Жүрегінде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам.

Жарас:

Шуағын төккен көкте күн
Қзіңе ұқсап дидары
Құтты болсын,құтты болсын
Аналардың мейрамы.

Тәрбиеші:

Қалайша деп қысылма,
Өнерің болса қолыңда
Өнерлінің ырысы
Жарқырап жатыр жолыңда.

Сайыста ән салайық, би билейік,

Өнермен өрге басып кідірмейік.-деп келесі екінші бөлімге кезек берейік.Әр жұпты өз өнерлерімен қарсы алайық.

2.Бөлім: «Өнерлі өрге жүзеді»

(Сайысқа қатысушылар өз өнерлерін көрсетеді)

Тәрбиеші:

Шалқып, тасып әніміз

Жадырасын жанымыз

Ана сені құттықтап

Әндетеміз бәріміз- деп келесі кезкті тобымыздың әнші жігіттері жарас пен

Азатты «Анашым қартаймашы» әнімен қарсы алыңыздар!

Асылай:

Аялы алақан
Әлпенштеп өсірген
Аяулы жан анам
Қатемді кешірген.

Медина:

Құтты болсын осы шаттық күніңіз
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Ақансері:

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам.

Аяна: Үн қатамын бал тілмен

Еркелеймін әркүн мен
Құттықтаймын анашым!
Сегізінші наурызбен.

Әлинұр:

Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам
Құшағыңда қысылмай.

Нұралы:

Бүгін н.аурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөз анамның
Анаға айтар лебізі.
Жарайсыңдар,балалар!

Ән: «Анашым қартаймашы»

Тәрбиеші: Әсем әуеннің ырғағымен сайыскерлеріміз ас мәзіріне дайындайтын тағамдарын дайындай береді.

3.бөлім: «Дәмді және тез»

Тәрбиеші:

Ана деген – жарық жұлдыз шырағың

Ана деген – қайнар ыстық бұлағың

Ана деген – өмірдегі қамқорың,

Ана деген – сүйенерің, жан құрбым.-деп сері жігіттерімізді аналарымен бірге би ырғағына шақырамыз.

Би: «Ана мен ұлы»

Тәрбиеші: Қазақ халқымыздың тәрбиесінде аналарымыз қыздарымызды сыпайылыққа, жарасымды мінез-құлыққа тәрбиелеген. Дөрекілікке, менменшілдікке, әдепсіздікке барудан сақтап отырған.Қазақтың тоқсан ауыз сөзі мақал-мәтелдер мен өсиеттерін үйретіп, тәрбиелі, инабатты қыз боп өсіп жетілуіне аса мән берген екен. Олай болса,келесі кезекті «Білімдіге –дүние жарық» тақырыбымен сұрақ-жауапқа береміз.Мұндағы сұрақтар ана мен қызы арасындағы тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдер мен жұмбақтар боп келеді.

4.Бөлім: «Білімдіге дүние –жарық» сұрақ-жауап.

(Мақалды жалғастыру)

1. «Жақсы қыз жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт төбедегі жұлдыз.»
2. «Гүл өссе елдің көркі,ұл өссе жердің көркі»
3. «Ас таңдасаң аяғына қара,қыз таңдасаң анасына қара»

(Жұмбақтарды шешу)

1. «Қабат-қабат қаттама,ақылың болса аттама»(Кітап)
- 2.«Аспаннан домалап, көп моншақ төгіледі.(Жаңбыр)
3. «Асты тас,үсті тас.Ортасында піскен ас» (Нан)

(Логикалық сұрақтар)

1. «Ананың анасы сізге кім болады?» (Нағашы әже)
2. «Анаңның қызы сізге кім болады?» (Әпке,сіңлі)
3. «Апалы-сіңлілінің балалары кім болады?» (Бөле)

Тәрбиеші:

Жадырап сәуле бейне күн дидары.

Бұлбұлдай дауысыңмен ән сыйлашы,

Күй тартып, би де билеп, өлең оқыған

Біздің балаларға барлық өнер жарасады.-деп келесі кезекті балаларымыздың әсем биіне береміз.

Би: «Вальс»

Тәрбиеші:

Сымбатына сай киім жарасатын,

Аспандағы айменен таласатын.

Өнеріне сәні сай келіп тұрған,

Аруларға қызығып қарасын деп,-аналарының табиғи материалдардан дайындаған өз қолдарымен жасаған әдемі көйлектерімен кішкентай қыздарымызды сән үлгісіне шақырамыз.

5.бөлім: «Сұлулық сыры» Сән үлгісі.

Тәрбиеші:

Байыптасаң өмір мен өнер егіз,
Ән-күй тыңдап рахатқа кенелеміз
Аналар аманатын аман сақтап,
«Ана» деп ән шырқасын балаларымыз.-деп «Ана деп ән салам» әнімен
балаларымызды ортаға шақырамыз. Қазылар алқасы өз шешімдерін айтқанша
тағы да балаларымыздың әнін тыңдайық.

Хор: «Ана деп ән салам»

Тәрбиеші: Асыл аналарымызды ортаға шақырып,балалармен бір ойын
ұйымдастырып жіберелік.

Ойын: «Даусынан таны»

Шарты: Ананың еркелеткен сөздерінен баласы даусынан танып анасын
кұшақтау.

Тәрбиеші:

Кімдер жүйрік, өнерпаз білейікші,
Әділқазыларға төрелік берейікші,
Жеңіп шыққан Анамен қызымызға,
Құттықтап сәттілікті тілейікші.
Келесі сөз кезегі әділ қазылар алқасына беріледі.
Сайыскерлерді марапаттау.

Тәрбиеші: Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз
кұтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер- Аналар!
Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, мәпелеп өсіріп отырған балапандарымыз аман
болсын! Әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!

Қорытынды: Сайыс соңында қазылардың шешімімен жұптарға «Асыл ана,
Ақылды қыз», «Өрісті ана,Өнерлі қыз», «Шебер ана,Сүйкімді қыз» деген
атақтар беріледі.

